

Үй тапсырмасы

1. Етістіктің шырайлары қатыстырып жиырма сөйлем жазып келдіңіз бе?

2. Қатыстырған райлардың қандай рай екенін біліп келдіңіз бе?

Өткен сабақты қайталау

Етістіктің неше райы бар?

Етістіктің райларына мысал келтіріңіз?

Бокстан әлем чемпионы атанған тұңғыш қазақ боксшысы кім?

Сізге қандай спорт түрі ұнайды?

Сөздік қор

Ұлттық ойын – национальная игра

Дәстүр – традиция

Қазақша күрес – казахская борьба

Бәйге – скачки

Жарыс – соревнование

Жеңімпаз – победитель

Достық жарыс – дружеская соревнование

Жарыс жолында – на гоночной трассе

Жарыс қатысушылары – участники соревнований

“Ұлттық ойындар” әңгіме жазу

Есемше мен көсемше.

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫ – ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ МӘДЕНИ АСЫЛ МҰРАСЫ

- БӘЙГЕ
 - КӨКПАР
 - ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ
 - ҚАЗАҚША КҮРЕС
 - АСЫҚ ОЙЫНДАРЫ

ЕЖЕЛГІ ЗАМАННАН ҚАЛЫПТАСҚАН
ДӘСТҮРЛІ ОЙЫН-САУЫҚ ТҮРЛЕРІҢ
МАҢЫЗЫ

Бәйге - ұлттық спорт ойындарының бір түрі. Ат спортының бұл түрі түркі тектес басқа халықтарда да бар. Бұрын бәйгеге қосылған аттар түстік, күндік жерге, ұзақ қашықтықтарға шабатын (қ. Аламан бәйге). 1957 жылы Қазақстанда қабылданған ереже бойынша құнан бәйге 1200, 1500, 1600, 1800, 2000 м, дөнен бәйге 2400, 3000, 3200, 4000, 4800 м, ат бәйгесі 5000, 8000, 10000 м қашықтықтарда өткізіледі. Көбінесе, қашықтық төрешілер алқасының шешімі бойынша бәйгеалаң (ипподром) айналымының ұзындығына байланысты белгіленеді.







Көкпар - ұлттық ат спорты ойындарының бірі. Ойынның атауы “көк бөрте” (лақ) сөзінен шыққан. Дәстүрлі қазақ қоғамында Көкпарға жасқа толған серкенің семізі таңдалған. Семіз серке терісі жыртылмайды. Орташа салмағы 20-30кг-дай келеді. Басқа малдың терісі жыртылғыш болғандықтан Көкпарға тартпайды.

Көкпар жігіттердің күш-жігерін, төзімділігін, батылдығы мен ептілігін, ат үстінде мығым отыруын қалыптастырады. Сонымен қатар Көкпар – аттың қалай бапталып үйретілгенін, жүйріктігін де сынайтын спорт. Көкпар жаппай және дода тартыс болып екіге бөлінеді. Жаппай тартыста әркім Көкпарды өзі иелік етуге тырысады. Дода тартыста құрамы бірдей екі топ сынға түседі. Мұны кейде марта тарту деп те атайды.

Жаңа сабақ

Есімше — етістіктің есім сөздерге ұқсас белгілері бар түрі. Ол түбір етістіктен арнайы жұрнақтар арқылы жасалады.

Мысалы, “-ған, -ген”, “-қан, -кен” жұрнағы етістікке жалғанып, оған өткен шақ мәнін қосады: “жазылған хат”, “келген адам”, “ол кеткен”, “сен бергенсің”, “мен барғанмын”.

Көсемше екі түрлі мәнде, екі түрлі қызметте қолданылады: 1) күрделі етістіктің құрамында келіп, негізгі іс-әрекетті білдіреді. 2) қимыл-әрекеттің әртүрлі сипатын, амал-тәсілін, себеп-мақсатын білдіреді. Мысалы, *Тапсырманы орындап болды. Орындап болды* – күрделі етістік; *орындап* – негізгі іс-әрекет; *болды* – көмекші мәндегі етістік. *Әңгімені құмарта тыңдады. Құмарта* – қалай? Іс-әрекеттің амал-тәсілін білдіріп тұр.

Көсемше жұрнақтарын қатыстыра отырып, мағынасы сәйкес сөзбен тіркестіріп жаз.

1. Таң

жымыңда+ п тұр

2. Жұлдыз

ағар+ып атты

3. Ай

жау+ғалы тұр

4. Боран

сыңғырла+й соғылды

5. Қоңырау

жарқыра+й+ды

6. Жаңбыр

гуілде+й соқты

1. Мәтінді мұқият оқып, төмендегі тапсырмаларды орындаңыз

Табиғаттағы биоалуантүрлілік

Биоалуантүрлілік табиғаттағы тұрақтылықты сақтайды. Биоалуантүрлілік генетикаға, экологияға, ландшафтыға байланысты. Әр адамның, жан-жануарлардың, өсімдіктердің генетикалық ерекшелігі бар. Ол көптеген факторларға тәуелді. Жануарлардың генетикасын зерттеуден **үй жануарларының** жасанды тұқымдары пайда болды. Ол гендік инженериямен байланысты. Экологиялық әр тіршілік иесі белгілі бір аймақта өмір сүреді. Тіршілік иесі өмір сүретін аймағымен бірлікте экожүйені құрайды. Ландшафтық- **қоршаған ортаның** жер бедері. Ол құбылмалы. Тау, жазық, шөл, көлдер – тіршіліктің көзі. Оларда түрлі тіршілік көзі өмір сүреді. Биоалуантүрлілікке жануарлар, өсімдіктер, **саңырауқұлақтар**, микроағзалар жатады. Олар генетикалық жағынан бір-біріне ұқсайды, бірақ әрқайсысы ерекше


1. Мәтіндегі қою қаріппен берілген сөздерге сөйлемдер құрастырыңыз.

[1]

2. Мәтіннен есімше мен көсемшенің жұрнақтары кездесетін сөздерді көшіріп жазыңыз.

Есімше	Көсемше
<hr/>	<hr/>
<hr/>	<hr/>
<hr/>	<hr/>
<hr/>	<hr/>
<hr/>	<hr/>

[2]



Алшы


Тәйке

Бүк


Шік

Асық иірудің өз атаулары бар

ОҢҚАЙ



СОЛАҚАЙ



Көсемшелерді етістіктермен тіркестіріп, күрделі етістіктер жаса.

1. Жабу

2. Көрсету

3. Қону

4. Жүру

5. Айту

6. Түсу

7. Сынау

8. Бару

9. Шегіну

10. Сөйлеу

Тоғыз-құмалақ — қазақтың ұлттық дәстүрлі ойындарының бірі, ақыл-ой ойыны.

Соңғы деректерге қарағанда, оның шығу тарихы 4 мың жылдық кезенді қамтиды. Ал кейбір мамандардың айтуынша, оның пайда болған кезі бұдан да көп уақыт болуы әбден мүмкін. Тоғыз-құмалақ өткен ғасырларда қазақ даласындағы ең кең тараған ойын болатын.

Қазіргі кезде әлемнің көптеген елдерінде тоғыз-құмалақ жақсы насихатталып жатыр. Мәселен, Қырғызстанда мектептерде тоғыз-қоргоолдан олимпиада өтеді екен. Қытайда, Қарақалпақстанда кітаптар, ғылыми еңбектер шығуда.





**АСЫҚ ОЙЫНЫНА
БАУЫРЖАН
МОМЫШҰЛЫ
АТАМЫЗ «АСЫҚ –
ҮЛКЕН ХАЛЫҚТЫҚ
ТӘРБИЕ» ДЕП БАҒА
БЕРІП, ЖОҒАРЫ
БИЛІККЕ ХАТ ТА
ЖАЗҒАН ЕКЕН.**



Мына мақалдарды толықтыр:

1. Отанын сүй... отқа жанбайды, суға батпайды.
2. Ынтымақ жүр... жерде, ырыс бірге жүреді.
3. Ақсұңқар ұш... жем үшін, ер жігіт ту... ел үшін.
4. Жақсы сөз жан сүйіндір..., жаман сөз жан күйіндір...
5. Қатарынан оз... ұл биікте жүреді, ез атанып тоз... ұл иықта жүреді.
6. Әркімнің шық... тауы биік.
7. Атасын сыйла... абыройға бөлен...

Суретке қарап, әңгіме құрандар.



Үйге тапсырма

**“Ұлттық ойындар” тақырыбына
өз ойымыздан әңгіме жазайық.**

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!